«QazMunaıGaz» ulttyq kompanıasy» AQ
Qazaqstan Respýblıkasy, Z05H9E8, Nur-Sultan q., D.Qonaev kóshesi, 8
«Zúbárjat oramy» BO, B blogy
tel.: +7 (7172) 786 101
fax: +7 (7172) 786 000
e-mail: Astana@kmg.kz

АО «Национальная компания «КазМунайГаз»
Республика Казахстан, Z05H9E8, г. Нур-Султан, ул. Д. Кунаева, 8
БЦ «Изумрудный квартал», блок Б
тел.: +7 (7172) 786 101
факс: +7 (7172) 786 000
e-mail: Astana@kmg.kz

KazMunaiGas National Company JSC
Block B, Emerald Towers («Izumrudniy Kvartal»)
8 D. Kunayev Street, Nur-Sultan, Z05H9E8
Republic of Kazakhstan
tel.: +7 (7172) 786 101
fax: +7 (7172) 786 000
e-mail: Astana@kmg.kz

20____ jylǵy «_____»_____

№_____

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
еншілес және тәуелді ұйымдарының
бірінші басшыларына
(тізім бойынша**)**

Басқарма төрағасының 2023-2027 жылдарға арналған Бизнес-жоспарлар жобасына жолдаған талап хаты.

Құрметті әріптестер,

2021 жылы жаһандық нарықтарда сақталып отырған белгісіздік жағдайында біз сіздермен бірге «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниясының бүкіл тобының қаржылық тұрақтылығын сақтай алдық және өндірістің тоқтап қалуына жол бермедік. 2021 жылы ОПЕК+ шектеулері әлі де күшінде болды, бірақ жалпы ҚМГ үшін бұл қалпына келтіру жылы болды.

Сондай-ақ ҚМГ тобы оң бос ақша ағынына қол жеткізді, бұл борышты азайтуды жалғастыруға ғана емес, сондай-ақ ҚМГ бүкіл тобы және мердігерлік ұйымдар бойынша ЕТҚ-ға шығындардың ұлғаюына байланысты қосымша қаржылық жүктемеге қарамастан, ҚМГ күллі тарихындағы ең ірі болған дивидендтер төлеу бойынша акционерлер алдындағы талаптарды орындауға мүмкіндік берді.

Бәріңізге үйлесімді әрі жедел жұмыс үшін алғысымды білдіремін.

Осы хатпен еншілес және тәуелді ұйымдардың (бұдан әрі – ЕТҰ) 2023-2027 жылдарға арналған бизнес-жоспарларының жобаларын қалыптастыру үшін еншілес пен тәуелді ұйымдарға қатысты өз талаптарымды жолдаймын. Бұл талаптар 2021 жылғы қарашада Директорлар кеңесі бекіткен ҚМГ-нің 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын (бұдан әрі – ҚМГ

Directum RX – 394003

ИС «Directum» **№ 24/6019 от 28.07.2022**
Подписан ЭЦП НУЦ РК 28.07.2022
Владелец **КАРАБАЕВ ДАУРЕН**
Сертификат b5bc39c485dbe74dad3194785f5e8b529f444cdf

ТОО
"Мангистауэнергомунай" (МЭМ)
Кіріс/Вход №1791 от 28.07.2022
На 5 листах + Приложения

стратегиясы), сондай-ақ барлығымыздың алдымызда тұрған ағымдағы міндеттерді ескере отырып қалыптастырылды.

ҚМГ стратегиясы төрт стратегиялық мақсатты іске асыру арқылы Компанияның одан әрі даму бағытын айқындайды:

5. Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база
6. Компания құны тізбегінің тиімділігін арттыру.
7. Бизнесті әртараптандыру және өнімдер портфелін кеңейту
8. Өндірістің көміртекті сыйымдылығын тұрақты дамыту және үдемелі төмендету.

«Компанияның өсуін қамтамасыз ету **үшін жеткілікті ресурстық база» бірінші мақсаты мұнай мен газ қорларын өсіруге және барлау жобаларына сапалы бақылауды жүзеге асыру арқылы** оларды өндіруге жедел айналымдылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Барлау есебінен 2031 жылға дейін ресурстық базаның қосымша өсімін кемінде 299 млн тонна қамтамасыз ету қажет.

Сізден жаңа құрылымдарда барлау және геологиялық барлау бойынша қарқынды жұмысты, сондай-ақ қорларды ҚР ҚМК-ге есепке қойған сәттен бастап 3-4 жыл ішінде қорлардың өндіруге жедел айналымдылығын қамтамасыз етуді күтеміз (бүгінгі күні бұл көрсеткіш 5-12 жылға тең).

ҚМГ-нің ресурстық базасын ұлғайту бойынша қосымша шаралар ретінде озық сейсмиканы жүргізуді және негізгі шөгінді бассейндерде жер қойнауын геологиялық зерттеуді жеделдетуді жоспарлап отыр.

Екінші «Компания құны тізбегінің тиімділігін арттыру» мақсаты тұрақты кіріс алу мақсатында мұнай мен мұнай өнімдерін өндіру, өңдеу, тасымалдау және маркетинг қызметінен түсетін пайданы барынша арттыруға бағытталған және ЕТҰ-да жұмыстың оңтайлы және тиімді режимін, шығындар деңгейін жоспарлау және неғұрлым тиімді іс-шараларды іске асыру жолымен іске асырылуға тиіс.

Осыған байланысты ҚМГ-нің 2023-2027 бизнес-жоспары шеңберінде ЕТҰ компанияның стратегиялық бастамалары мен ағымдағы сын-тегеуріндеріне сәйкес қызметтің тиімділігін арттыру бойынша нақты бизнес-бастамалар (ұсыныстар) тізбесін ұсынады деп күтеді.

Мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемінің **10 жыл** ішінде 240 млн тоннаға өндірудің жалпы көлемімен жылына 24 млн тоннаға **дейін өсуін қамтамасыз ету қажет.**

Мұнайды тиімді өндіруді қамтамасыз ету **мақсатында мыналар қажет:**

- **Қолданыстағы операциялық активтердегі өндіру деңгейін тұрақтандыру**

Мұнда негізгісі – операциялық активтердегі өндіру деңгейінің табиғи төмендеуін өтеу мақсатында, оның ішінде өнімді бұрғылау, АЕК ұлғайту және тиімді ГТІ қолдану (күрделі жөндеуді, су басуды басқаруды, жерүсті инфрақұрылымы бойынша шектеулерді алып тастауды, кен орындарын цифрландыруды және т.б. қоса алғанда) есебінен мұнай алу коэффициентін

Directum RX – 394003

ИС «Directum» № 24/6019 от 28.07.2022
Подписан ЭЦП НУЦ РК 28.07.2022
Владелец КАРАБАЕВ ДАУРЕН
Сертификат b5bc39c485dbe74dad3194785f5e8b529f444cdf

ТОО
"Мангистауэнергомунай" (МЭМ)
Кіріс/Вход №1791 от 28.07.2022
На 5 листах + Приложения

ұлғайту және ұңғымалардың өнімділігін барынша арттыру үшін басқа да шаралар.

- **Жаңа кен орындарында өндіруді іске қосу**

2024-2028 жылдар кезеңінде Компания Рожковское, Өріктау, Қаламқас-теңізі, Хазар кен орындарын іске қосуды жоспарлап отыр.

- **Газ өндіруді арттыру**

ҚМГ ҚР-дағы ішкі газ тұтыну көлемінің өсуі жөніндегі болжамдарды және Қашаған мен Қарашығанақ ірі мұнай-газ активтерінде газды экспорттау және коммерцияландыру бойынша ағымдағы мүмкіндікті ескере отырып, жұмыс істеп тұрған кен орындарында газ кенжатындарын игеру есебінен газ өндіруді арттыруды жоспарлуда.

- **Ірі мұнай-газ активтерінде өндіру сөрелерін ұлғайту бойынша жобаларды іске асыру**
- **Электр энергиясының мерзімді сөндірулеріне байланысты энергетикалық қауіпсіздік бойынша мәселелерді шешу**

Мұнай сервисі бағыты бойынша күш-жігер мұнай өндіруді ұлғайтуға ықпал ететін жөндеу және бұрғылау жөніндегі тиімді және сапалы қызметтерді **құруға шоғырландырылуға тиіс.**

Көмірсутек шикізаты өңдеу бағыты бойынша негізгісі – бұл:

– МӨЗ үздіксіз жұмысы, ішкі нарықтың ҚР мұнай өнімдерімен қамтамасыз етілуі және мұнай-химия өнімдерін шығару. МӨЗ жөндеулерін уақтылы жүргізу және ҚР-да мұнай өнімдері балансына әсер ететін өзге факторларға жол бермеу маңызды болып табылады.

– МӨЗ-де өңдеу тереңдігі көрсеткішін 2031 жылға қарай кемінде 89% деңгейіне дейін (2024 жылға қарай 85%) ұлғайту.

– Борыштық міндеттемелерді уақтылы өтеу және операциялық шығындарды азайту үшін МӨЗ-де өтімділіктің жеткілікті деңгейін генерациялауды қамтамасыз ету.

– Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салуды аяқтау қажет

Мұнайды құбыр арқылы және теңіз арқылы тасымалдау тұрғысынан ҚМГ үшін дивидендтер ағындарының тұрақтылығы, мұнай тасымалдау қуаттарын жүктеу және теңіз арқылы тасымалдау синергиясы маңызды.

Қажет болған жағдайда мұнай көлемдерін қайта жіберу үшін экспорттық кірістерді ұлғайту және баламалы бағдарлардың дайындығын қамтамасыз ету негізгі міндет болып табылады.

Тұтастай алғанда, ЕТҰ ақша ағынын ұлғайту мақсатында барлық **бизнес бағыттар бойынша операциялық** шығындарды оңтайландыру жұмысын тұрақты негізде жүргізуге тиіс:

Directum RX – 394003

ИС «Directum» **№ 24/6019 от 28.07.2022**
Подписан ЭЦП НУЦ РК 28.07.2022
Владелец **КАРАБАЕВ ДАУРЕН**
Сертификат b5bc39c485dbe74dad3194785f5e8b529f444cdf

ТОО
"Мангистауэнергомунай" (МЭМ)
Кіріс/Вход №1791 от 28.07.2022
На 5 листах + Приложения

- Тиімсіз ұңғымалар мен кен орындарын пайдаланудан шығару;
- Қолдаушы және өндірістік бизнес-процестерді қайта инжинирингілеу және цифрландыру;
- Техникалық қызмет көрсету және жөндеулер жүйесін жетілдіру;
- Әкімшілік және басымды емес шығыстарды оңтайландыру/қысқарту.

ҚМГ үшін елеулі аспект болып табылатын «Тиімді сатып алу» стратегиялық бастамасына жеке назар аудару қажет**.** Осы бастама шеңберінде мыналар болжанады:

- салалық ерекшелікті ескере отырып, өнім берушілерді алдын ала іріктеу жүйесін одан әрі дамыту
- сатып алынатын өнімдер мен тауарларды жеткізу бойынша шығындарды оңтайландыру
- қоймалардағы тауарлардың қалдықтарын тиімді басқару.

Үшінші «Бизнесті әртараптандыру және өнімдер портфелін кеңейту» мақсаты бойынша негізгі міндет «Мұнай-газ-химия кешенін құру» болып табылады. Бұл жаңа бағыт, біз оны дамытуға кірісіп кеттік. Биыл полипропилен өндіру бойынша KPI зауыты іске қосылатын болады. Негізгі міндет
2023-2024 жылдары жобалау қуаттарға шығу. Полиэтилен мен бутадиен өндіру жобаларын іске асыру бойынша қажетті жұмыстар жүргізілуде.

Төртінші «Орнықты даму және өндірістің көміртекті сыйымдылығын үдемелі төмендету» мақсаты ҚМГ бүкіл тобы үшін маңызды мақсаттарының бірі болып табылады.

«Қызметтің барлық бағыттары бойынша орнықты даму» стратегиялық бастамасын іске асыруды қолдау үшін келесі бағыттар – еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, корпоративтік басқаруды әлеуметтік қолдау және дамыту **бойынша жұмыс істейтін боламыз.**

Қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жарақаттану деңгейін төмендету – бірінші басшының бірінші кезектегі міндеті және дербес жауапкершілігі. Сіз еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріне көшбасшылық пен бейімділікті жеке үлгі ретінде көрсетуіңіз керек.

Сізге өндірістік қауіпсіздік менеджменті жүйесін, еңбек пен қоршаған ортаны қорғауды (өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, өндірістік санитария мен еңбек гигиенасы, төтенше жағдайлар, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау мәселелері) тұрақты жақсарту бөлігіндегі мәселелерді шешуге белсенді қатысуды және Компаниялардың бизнес-жоспарларын іске асыру шеңберінде қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді іс-шаралардың орындалуын ерекше бақылауда ұстауды тапсырамын.

Directum RX – 394003

ИС «Directum» **№ 24/6019 от 28.07.2022**
Подписан ЭЦП НУЦ РК 28.07.2022
Владелец **КАРАБАЕВ ДАУРЕН**
Сертификат b5bc39c485dbe74dad3194785f5e8b529f444cdf

ТОО
"Мангистауэнергомунай" (МЭМ)
Кіріс/Вход №1791 от 28.07.2022
На 5 листах + Приложения

Негізгі міндет активтердің технологиялық тұтастығын және өндірістің өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, авариялар мен жазатайым оқиғаларға жол бермеу.

Энергияға өту шеңберінде негізгі міндет — бұл CO2 тікелей және жанама шығарындыларын 2019 жылғы деңгейден 15%-ке төмендету.

ҚМГ 2022-2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын (бұдан әрі - ТКДБ) бекітті.

ТКДБ периметріне кіретін барлық ЕТҰ іс-шараларының жеке жоспарлары бекітілді. Барлық жоспарланатын іс-шаралар белгіленген тәртіппен ішкі келісуден өтуі және ЕТҰ бизнес-жоспарларында көрініс табуы тиіс.

Барлықтарыңызды орнықты даму және көміртексіздендіру тақырыбына белсенді қатысуларыңызды сұраймын. Мен үшін бұл қазір өндірістік мәселелер сияқты басымдық. Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі сіздердің Іс-шаралар жоспарларыңыздың орындалуын жеке бақылауға алуды сұраймын.

Қорытындылай келе, бизнес-жоспарларды қалыптастыру кезінде ЕТҰ басшы қызметкерлерінің уәждемелі ҚНК ерекше назар аудару қажет екенін атап өткім келеді. ЕТҰ корпоративтік ҚНК мен функционалдық ҚНК ЕТҰ бизнес-жоспарларымен бір мезгілде 2022 жылдың қарашасына дейін бекітілуге тиіс. Мерзімдері бұзылған ҚНК бекіту практикасы тоқтатылуы тиіс.

2023-2027 жылдарға арналған бизнес-жоспарлар жобаларына барлық негізгі қосымша талаптар мен ұсынымдар осы хатқа қосымшада көрсетілген.

Құрметті әріптестер,

Сіздің белсенді қатысуыңыз – бұл біздің ортақ стратегиямызды табысты іске асырудың және өндірістің ағымдағы қызметінің кірістілігін қамтамасыз етудің, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бүкіл тобының жаңа бағыттары мен қаржылық орнықтылығын дамытудың кепілі.

Қосымша: 7 парақта

Ізгі тілектермен,

Басқарма төрағасы М.А. **Д. Қарабаев**

Орынд. Ерубаев Е.К.
Тел.: 789270

Directum RX – 394003

ИС «Directum» **№ 24/6019 от 28.07.2022**
Подписан ЭЦП НУЦ РК 28.07.2022
Владелец **КАРАБАЕВ ДАУРЕН**
Сертификат b5bc39c485dbe74dad3194785f5e8b529f444cdf

ТОО
"Мангистауэнергомунай" (МЭМ)
Кіріс/Вход №1791 от 28.07.2022
На 5 листах + Приложения